

Қазақстан Республикасының металлургия кешенінде төртінші және бесінші қайта бөлістердің өндірістерін құруды ғылыми-техникалық қамтамасыз етудің 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 наурыздағы N 243 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 сәуірдегі N 381 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.23 N 381 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 сәуірдегі N 470 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 6.6.2-тармағын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының металлургия кешенінде төртінші және бесінші қайта бөлістердің өндірістерін құруды ғылыми-техникалық қамтамасыз етудің 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. "Республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 26 мамырдағы N 434 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:
көрсетілген қаулымен бекітілген республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламалардың тізбесі мынадай мазмұндағы 15-тармақпен толықтырылсын:

"15. "Қазақстан Республикасының металлургия кешенінде төртінші және бесінші қайта бөлістердің өндірістерін құруды ғылыми-техникалық қамтамасыз ету".

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 1 3 н а у р ы з д а ғ ы

N 2 4 3 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасының металлургия кешенінде төртінші және бесінші қайта бөлістердің өндірістерін құруды ғылыми-техникалық қамтамасыз етудің 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасы

Астана - 2003 ж.

1. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ПАСПОРТЫ

Атауы Қазақстан Республикасының металлургия кешенінде төртінші және бесінші қайта бөлістердің өндірістерін құруды ғылыми-техникалық қамтамасыз

ету

Мемлекеттік Қазақстан Республикасының Білім және ғылым тапсырыс министрлігі

беруші -

Бағдарламаның әкімшісі

Іске асыру мерзімі 2003-2005 жылдар

Бағдарламаның мақсаты Қазақстан Республикасының металлургия кешенінде жоғары технологиялық, импорт алмастырғыш және экспортқа бағдарланған өнімдер өндіруді ғылыми-техникалық қамтамасыз ету

Бағдарламаның міндеттері Металдар негізінде жаңа материалдар жасау жөніндегі қазіргі заманғы технологияларды әзірлеу және Қазақстанның металлургия кешеніндегі төртінші және бесінші қайта бөлістердің ғылымды қажет ететін және жоғары технологиялық өндірістерін игерудің перспективасын анықтау

Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері Бағдарламаны қаржылық қамтамасыз ету 2003-2005 жылдардың іс-шараларын іске асыру үшін қажетті бюджеттік қаражат көлемінде тиісті қаржы жылдарына арналған республикалық бюджетте Бағдарламаның әкімшісі көздеген қаражат шегінде мемлекеттік тапсырыстар шеңберінде жүзеге асырылады.

Бағдарламаны іске асыруға байланысты көзделген қаржылық шығындар барлығы 223,5 млн. теңгені құрайды, оның ішінде жылдар бойынша: 2003 жылы -

70,0 млн. теңге; 2004 жылы - 74,9 млн. теңге;
2005 жылы - 78,6 млн. теңге <*>

Күтілетін
нәтижелер

Қазіргі бар өндірісті жетілдіру және дамыту үшін ғылыми-техникалық база, техникалық-технологиялық шешімдерді әзірлеу, Қазақстан Республикасының металлургия кешеніндегі төртінші және бесінші қайта бөлістердің өнімдерін алудың ғылымды қажет ететін жаңа технологияларын жасау. Өнімнің жоғары тауарлық дайындығын қамтамасыз ету, экономикалық көрсеткіштерді, экспортқа бағдарлану мен импорт алмастыруды арттыру мақсатында металдар негізіндегі жоғары технологиялық қорытпалар, композиттік материалдар мен бұйымдар алудың ғылымды қажет ететін технологияларын жасау.

Елдің металлургия өнеркәсібіндегі төртінші және бесінші қайта бөлістерді дамытуға инвестицияларды кеңінен тартуға арналған ғылыми-техникалық негіздемелерді әзірлеу.

Ескерту. 1-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.02.03. N 132 қаулысымен .

2. КІРІСПЕ

Бағдарламаны әзірлеудің қажеттілігін Қазақстанның бай шикізат ресурстарына, дамыған өндіруші өнеркәсіпке, ірі металлургия кешендеріне және ғылыми-техникалық әлеуетке ие екендігімен түсіндіруге болады.

Бағдарламаны қалыптастыру алдында металлургия саласының қазіргі жай-күйіне, ел экспорты мен импорты құрылымына, сондай-ақ республика металлургиясының осы бір тиімділігі жоғары кіші саласын дамытудың әлемдік экономиканың үрдістеріне талдау жасаудың алдын ала жүргізілген жұмыстарының кешені болды.

Бұл ретте мыналарды айтып өту керек. Қазақстан Республикасының бұйымдармен салыстырғанда, негізінен құны арзан материалдарды экспортқа шығарып отырған бүгінгі жағдайы мемлекеттің экономикалық мүдделеріне белгілі дәрежеде зиян келтіреді. Түсті және қара металдар өндірісінің түгелдей дерлік көлемі экспортқа жібере отырып, республика сол арқылы басқа елдерді тауарлылықтың жоғары дәрежесіндегі жоғарғы қайта бөлістер өнімін өндірумен, жаңа жұмыс орындарымен және қазіргі заманғы өнім шығарудан түскен жоғары

п а й д а м е н

қ а м т а м а с ы з

е т е д і .

Сондықтан жоғары тауарлық дайындығы бар өнім алу және оның сапасын жақсарту негізгі міндет болып табылады, ол әлемдік нарықтағы үлкен бәсекеге қабілеттілікке әкеледі және өндірістің экономикалық тиімділігін арттырады.

Осы бағдарлама жаңа буын қорытпалардың, композиттік және функционалдық материалдардың қазіргі барын дамытуға және сапалы жаңа өндірісін жасауға бағытталған.

3. ПРОБЛЕМАНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙ-КҮЙІН ТАЛДАУ

Қазақстанның металлургия кешенінің қазіргі жай-күйін талдау оның соңғы жылдардағы дамуы қолайсыз ретінде сипатталатынын және бағаланатынын көрсетеді, олар: көптеген өндірістердің тоқтатылуы және таратылуы, тиімді ресурс және энергия сақтағыш технологиялардың төмен пайызы, ғылымды қажет ететін

технологиялардың аз үлесі.

Металдар негізіндегі металл бұйымдар, ғылымды қажет ететін, функционалдық материалдар, арнайы қорытпалар мен қосылыстар өндірудің ауқымы металдар негізінде қазіргі заманғы материалдарды тұтынатын машина жасау, электр техника өнеркәсібі және басқа да басым салалардың өсіп келе жатқан қажеттіліктеріне сәйкес келмейді.

Ішкі рыноктың металл бұйымдарына, композиттік, функционалдық материалдарға деген қажеттіліктері өз өндірісі есебінен жабылмайды, бұл республикаға металл бұйымдарды едәуір көлемде импорттауға себеп болып отыр

Ел өнеркәсібінің мұнай-химия және металл тұтынатын салаларын дамыту үшін жаңа материалдар, атап айтқанда, сортты металл бұйымдарын жасау өте өзекті қойылып отыр. Мысалы, мұнай өндірудің көлемін ұлғайту және оны тасымалдау мұнай сортаменті құбырларының санын едәуір арттыруды қажет етеді. Қазір республикада мұнай-газ саласына арналған құбырлар шығару жөніндегі өндіріс жоқ. 2001 жылы осы сортамент құбырларының импорты 168 миллион АҚШ доллары сомасындағы 230 мың тоннаны құрады. Осыған байланысты мұнай сортаменті құбырларын шығару жөніндегі зауыт салу өзекті мәселе болып отыр.

Қазіргі кезде Қазақстанның өзінің сортпрокат өндірісі жоқ және 175 миллион АҚШ доллары сомасына жылына 400 мың тонна көлеміндегі барлық сорттық прокат Ресейден, Өзбекстан мен Украинадан импортталады.

Осы мақсаттарда машина жасау, мұнай-газ, құрылыс, ауыл шаруашылығы және республика өндірісінің басқа да салаларын металл өнімдерімен қамтамасыз ету үшін Қазақстанда жылына 380 мың тонна болаттың көміртегі, аз легирленген

, легирленген, тот баспайтын маркаларынан әр түрлі бейіндегі сорттық прокат өнімдерін шығару жөніндегі электр металлургия шағын зауытын ұйымдастырудың инвестициялық жобасы жасалды. Сатылатын өнімнің жылдық көлемі 283,8 миллион АҚШ долларын құрайды. Бюджетке жылдық аударым - 67,3-70,4 миллион АҚШ доллары, құрылысты "дайын күйінде тапсыру" мерзімі - 2 жыл. Инвестициялардың жалпы көлемі - 410 миллион АҚШ доллары.

Қазіргі кезде "Испат-Қармет" ААҚ республиканың мұнай-газ кешені үшін электрмен пісірілген құбырлар өндіруді ұйымдастыру жөніндегі Ақтау қаласындағы зауыт құрылысына техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеуде.

Республикада қара металлургия ("Испат-Қармет" ААҚ) мен түсті металлургияның ("Түсті металдар өңдеу жөніндегі зауыт" ЖАҚ, "Қазақмыс" ААҚ, "Casting" кәсіпорны) жекелеген кәсіпорындарында металлургиядағы төртінші қайта бөліс өнімдері аздаған көлемде шығарылады. Металл өнімдерін өндіру мынаны құрады: қара металлургиядағы дайын прокат - 3,69 млн т; мың т: феррокорытпалардың әр түрлі маркалары - 960,3; тазартылған мыс - 394,9; тазартылған қорғасын - 165,4; металл мырыш - 262,5; металл магний - 22,0; глинозем - 1200; кеуекті титан - 15,0.

Мұнымен бірге республикадан жыл сайын 35-40 АҚШ доллары бағасымен 2 млн.тоннадан астам қара металдардың металл сынығы әкетіледі, осымен ел экономикасына айтарлықтай шығын келтіріледі. Мысалы, 2001 жылы қара металдар сынығы мен қалдықтарының экспорты - 95,5 млн. АҚШ доллары сомасына - 2200 мың тоннаны; түсті металдар сынығы мен қалдықтары 58,1 млн. АҚШ доллары сомасына 76354 тоннаны құрады.

Қазақстан Республикасының металлургия кешеніндегі өндірістің жай-күйіне жалпы талдау жасау қазіргі кезде:

елде осы заманғы өндірістерді дамыту үшін ғылымды қажет ететін, жоғары технологиялық, арнайы материалдар мен қорытпаларды өнеркәсіптік өндіру м ү л д е м ж о қ ;

машина жасау, мұнай-газ, кен-металлургия, жеңіл, тамақ және де басқа да өнеркәсіп салалары, құрылыс индустриясы, ауыр машина жасау және кеме құрылысы үшін прокат және металл бұйымдарының қажетті сортаменті ш ы ғ а р ы л м а й д ы ;

жаңа технологиялар - ұнтақ металлургиясы, электр металлургиясы, гальванотехника, жаңа құю және химия технологияларының және т.с.с. негізінде материалдар мен металл бұйымдарының өнеркәсіптік өндірісі жоқ;

теңгерімі аяғына дейін ескермеген, ал шетелге шығару бақылаусыз жүргізіліп келе жатқан металдардың қайталама ресурстары жеткілікті дәрежеде тиімді пайдаланылмайды деп қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.

4. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Осы Бағдарламаның мақсаты елдің металлургия кешенінде жоғары технологиялық, импорт алмастырғыш және экспортқа бағдарланған өнім өндірісін жасауды ғылыми-техникалық қамтамасыз ету болып табылады.

Осыған байланысты бағдарламаның негізгі міндеттері:

металлургия кешенінде тауарлық даярлығы жоғары өнім шығаруды қамтамасыз ететін металлургиядағы төртінші және бесінші қайта бөлістердің өнімін шығаруды ұйымдастыру үшін ғылымды қажет ететін бәсекеге қабілетті технологиялар жасау, импорт алмастыру және елдің экспорттық әлеуетін ұлғайту ;

қоршаған ортаға техногендік факторлардың теріс әсерін төмендетуді қамтамасыз ететін 4 және 5 қайта бөлістердің тиімді экологиялық, ресурс және энергия сақтағыш технологияларын енгізу;

жоғары қосымша құнмен өнімнің жаңа түрлерін игеру жолымен қайталама ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету;

өнімнің ақырғы түрлері мен берілген қасиеттерімен бірге жаңа материалдар өндірісі үшін құрал-жабдықтарды жаңғырту, ғылымды қажет ететін технологияларды енгізу есебінен инновациялық дамуды қамтамасыз ету.

5. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ МЕН ТЕТПІ

Бағдарламаны іске асыру мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады :

5.1. Қазақстан Республикасының металлургия саласындағы төртінші және бесінші қайта бөлістер өндірістерінің жаңа технологиялары мен өткізу рыногының перспективаларын болжау.

Бұл бағыт шеңберінде Қазақстан, Ресей және Украинаның жетекші ғалымдарының қатысуымен ТМД және алыс шетелдердегі түсті және қара металлургиядағы төртінші және бесінші қайта бөлістердің қазіргі бар өндірістерінің технологиялық деңгейінің жай-күйіне талдау жасалатын болады. Осы талдаудың негізінде түсті, сирек және қара металдардың негізінде қазіргі материалдарды жасау үшін ғылымды қажет ететін технологиялар әзірлеуге болжам жасалады, республикада оларды пайдаланудың перспективалары белгіленеді. Бұл үшін қазіргі жағдайды және өткізу рыногының перспективаларын бағалау мақсатында маркетингтік зерттеулер жасалады рыноқта сұранысқа ие отандық металдардан жасалатын жаңа материалдардың өндірісін ұйымдастыру жөніндегі ұсынымдар әзірленеді.

5.2. Түсті, сирек және асыл металдар негізінде жаңа материалдар алудың қазіргі заманғы технологияларын жасау.

Осы бағыттағы тапсырмаларды іске асыруда: оттегінсіз мыстан жасалған бұйымдар, мұнай-химия өнеркәсібіне арналған тот баспайтын жез бен қола, мысты созбасым өндірісіне арналған оттегінсіз мыс құймаметалдарын және ауыр түсті металдар негізіндегі арнайы қорытпалар; сирек және жеңіл металдар негізіндегі жаңа материалдар. Сирек ыдырағыш металдармен маркалы деформацияланатын және құймалы алюминий және де селенмен түрлендірілген қорытпалар алу; асыл металдар негізінде қатты, қорғасын-сурьма қорытпалары, жаңа дәнекерлеу мен арнайы қорытпалар, сондай-ақ Қазақстанның асыл металдарын пайдалану арқылы бірқатар жаңа материалдар алудың өндіріс технологиясы әзірленетін болады.

5.3. Қара металлургияда қазіргі заманғы материалдарды алудың жаңа технологияларын жасау.

Осы бағытты іске асыру аз легирленген, легирленген, тот баспайтын көміртекті және болаттың басқа да маркаларынан беріктігі жоғары және пластикалық сорттық прокатты алудың технологиясын әзірлеуге мүмкіндік береді. Осындай өнім шығару сорттық прокат импортын алып тастауға мүмкіндік береді және болашақта олардың экспортына негіз болуы мүмкін.

Сол сияқты жұмыс істеп тұрған ферроқорытпа зауыттары мен шағын кәсіпорындарда ферроқорытпалар өндірістерінің жаңа технологиялары құрылатын болады, ауыр түсті және сирек металдардың бірқатарын қамтитын ферроқорытпаларды дайындаудың пештен тыс технологиялары дамиды.

5.4. Қазіргі заманғы материалдар алудың мүлдем жаңа технологияларын жасау саласындағы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелер.

Бағдарламаның осы тапсырмасын іске асыру кезінде металтермикалық процестер мен шағын қорытпалар алу саласында жаңа технологиялар әзірленеді, кең ауқымда көп функционалды жүйелер алудың технологиялары және иондық имплантация және иондық-плазмалық әдістермен жұқа қабыршықты қаптамамен жабу процестері, сондай-ақ тот баспайтын және металдық төсеніш орталығындағы композиттік-электрқұймалық қаптау әдісімен берік металдық қаптамалар алу үшін технология мен аппаратура жасалатын болады.

5.5. Жаңа және жұмыс істеп тұрған зауыттар мен шағын, орта кәсіпорындарда тауарлылығы жоғары бәсекеге қабілетті өнімдер шығару жөніндегі әзірлемелерді іске асыру.

Тұтынушы неғұрлым талап еткен қорытпалар мен жаңа материалдар енгізілетін болады. Мүлдем жаңа технологияларды игеру үшін институттар мен

түсті және қара металлургия кәсіпорындардың тәжірибе-эксперименталдық участкелерінде шағын және орта кәсіпорындар құрылатын болады. Осылай, мәселен, жылына көлемі 12 тонна жиілігі жоғары селен, асыл металдар және басқа да жаңа металдар негізіндегі дәнекерлеу, арнайы қорытпалар шығару игерілетін болады.

Бағдарламаны іске асыру Бағдарламаның негізгі тапсырмаларына сәйкес келетін және конкурстық іріктеуден өткен жобаларды орындауға мемлекеттік тапсырыс негізінде жүзеге асырылады.

Бағдарламаның әкімшісі - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мыналарды қамтамасыз етеді:

Бағдарлама тапсырмаларын орындауға жобалар конкурсын өткізу;

Бағдарламаның кеңейтілген нұсқасын қалыптастыру;

Бағдарлама тапсырмаларын және ағымдағы бақылауды орындауды сүйемелдеу және үйлестіру;

Бағдарлама бойынша аралық және қорытынды есептерді қабылдау.

Үздіксіз басқару мен бақылау үшін бас ұйым жанынан мүдделі министрліктер мен ведомстволар өкілдіктерін қамтитын ғылыми-техникалық Кеңес құру ұсынылады.

6. ҚАЖЕТТІ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ

Ескерту. 6-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.02.03. N 132 қаулысымен .

Бағдарламаны қаржылық қамтамасыз ету 2003-2005 жылдардың іс-шараларын іске асыру үшін қажетті бюджеттік қаражат көлемінде, тиісті қаржы жылдарына арналған республикалық бюджетте Бағдарлама әкімшісі көздеген қаражат шегінде мемлекеттік тапсырыс шеңберінде жүзеге асырылады.

Бағдарламаны іске асыруға байланысты көзделген қаржы шығындары барлығы 223,5 млн. теңгені құрайды, оның ішінде жылдар бойынша: 2003 жылы - 70,0 млн. теңге; 2004 жылы - 74,9 млн. теңге; 2005 жылы - 78,6 млн. теңге. <*>

7. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДАН КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде республиканың металлургия саласындағы төртінші және бесінші қайта бөлістері өндірістерінің жаңа технологиялары ғылыми негізделетін және әзірленетін болады. Осындай өндірістерді ұйымдастыру импорт жөніндегі шығындарды бірнеше рет қысқартуға, қазір бар өндірістік қуаттар базасында жаңа жұмыс орындарын құруға, осы өнімге ішкі қажеттілікті қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Өнеркәсіптің басым салаларының қажеттіліктерін қамтамасыз ететін бұйымдар алу үшін нақты база жасалатын болады, экспорт әлеуетін кеңейту есебінен бюджетке түсетін түсімдер көбейеді, тауарлардың импорттық үлесі қысқарады, жаңа жұмыс орындарын құруға байланысты өнеркәсіптік аймақтарда әлеуметтік жағдай жақсарады.

Ғылымды қажет ететін әлемдік рынокта Қазақстанның рөлі артады, төртінші және бесінші қайта бөлістердің қазіргі заманғы технологиялары бойынша кадрлық әлеует қалыптасатын болады.

Бағдарламаның негізгі тапсырмалары бойынша күтілетін нәтижелер кестеде берілген.

Кесте

БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДАН КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

| Бағдарламаның негізгі | Күтілетін нәтижелер тапсырмалары |
|-----------------------|----------------------------------|
|-----------------------|----------------------------------|

1. Қазақстан Республикасының металлургия саласындағы жаңа технологиялардың перспективалары мен төртінші және бесінші қайта бөлістер өндірістерінің өнімдерін өткізу рыногын болжау

| | |
|---|--|
| 1.1. Қазақстан Республикасының түсті және қара металлургиясындағы төртінші және бесінші қайта бөлістердің жұмыс істеп тұрған технологиялық өнімдерінің импорт алмастыру ұсынымдар әзірлеу | 1.1. Импорт алмастыруды қамтамасыз ету мақсатында өндірістердің барларын қайта құру және жаңасын құру жөніндегі ұсынымдар кәсіпорындарының деңгейі мен сапасын талдау. бойынша нақты |
| 1.2. Әлемнің жетекші елдеріндегі металдардың негізінде қазіргі заманғы жаңа материалдарды алудың ғылымды қажет ететін жоғарғы технологияларын болжау ұсынымдар | 1.2. Түсті, сирек және қара металдар негізінде (соның ішінде мүлдем жаңа металл, металл керамикалық, металл органикалық және басқа да жүйелер негізінде) қазіргі заманғы материалдарды жасау жөніндегі |

1.3. Қазіргі заманғы металл бұйымдар мен жаңа материалдардың жай-күйін және өткізу рыногының перспективасын бағалау. Қазақстанның түсті, сирек және қара металдары негізінде жаңа дарды практикалық

элементтік сұранымды ұйымдастыру ұсыныстар

1.3. Отандық металдардан алынатын элементтік экономикада материал. жөнінде әзірлеу

2. Түсті, сирек және асыл металдар негізінде жаңа материалдар алудың қазіргі заманғы технологияларын жасау

2.1. Мыс және ауыр түсті металдар негізінде қорытпалар мен бұйымдар алудың жаңа технологияларын әзірлеу.

2.1. Өндіру технологиясы: оттегісіз мыстан, мұнай-химия өнеркәсібіне арналған коррозияға қарсы жез бен қоладан, мыс катанкасы өндірісі үшін оттегісіз мыс құймаларынан және ауыр түсті металдар негізіндегі арнайы қорытпалардан жасалған бұйымдар.

2.2. Жеңіл, сирек және ыдырағыш металдар негізінде жаңа қорытпалар мен материалдар жасау.

2.2. Сирек және жеңіл металдар негізінде жаңа материалдар өндірудің технологиясы. Маркалы деформацияланатын және құймалы алюминий қорытпалар және сирек ыдырағыш металдармен, селенмен түрлендірілген қорытпалар алу

2.3. Асыл және қорытылуы тығыз металдар негізінде жаңа материалдар мен қорытпалар технологияларын әзірлеу.

2.3. Асыл металдар негізінде қатты, қорғасын-сурьма қорытпаларын, жаңа дәнекерлер мен арнайы қорытпаларды, сондай-ақ Қазақстанның асыл металдарын пайдалана отырып бірқатар жаңа материалдар алудың технологиясы

3. Қара металлургияда қазіргі заманғы материалдарды алудың жаңа технологияларын жасау

3.1. Өте берік және пластикалық сорттық болаттың, болаттың, олардан алынған бұйымдардың көміртекті, аз легирленген, легирленген маркаларынан жасалған сорттық прокаттың тиімді технологияларын жасау.

бола алады.

3.2. Жаңа ферроқорытпалардың технологияларын әзірлеу және оларды қара металлургия кәсіпорындарында игеру.

3.1. Болаттың көміртекті, аз легирленген, легирленген, тот баспайтын және басқа да маркаларынан өте берік және пластикалық сорттық прокатты алудың технологиясын әзірлеу және игеру. Осындай өнімді шығару сорттық прокаттың импортын алып тастауға мүмкіндік береді және перспективада оның экспортына негіз

3.2. Жұмыс істеп тұрған ферроқорытпалар зауыттарында және шағын кәсіпорындарда ферроқорытпаларды өндірудің жаңа технологиялары, көміртегі ферромарганец, ферросиликоалюминий өндірудің мөлшерін ұлғайту, құрамында бірқатар ауыр түсті және сирек металдар бар ферроқорытпалар дайындаудың пештік емес технологиясын дамыту.

4. Қазіргі заманғы материалдарды алудың мүлдем жаңа технологияларын жасау саласындағы ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық әзірлемелер

4.1. Металл ұнтақтар мен биметалл қорытпалар алудың перспективалық технологияларын жасау

4.2. Жаңа кешенді материалдар мен бұйымдарды алуға арналған ионды-плазмалық технология мен аппаратуралар әзірлеу.

4.1. Металлотермиялық процестер саласындағы жаңа технологиялар және шағын қорытпалар алу

4.2. Көп функционалды жүйелерді алу технологиясы, иондық имплантант әдістерімен және иондық-плазмалық тәсілдермен, сондай-ақ композициялық электр литикалық қаптама тәсілімен жұқа қабыршықты

қаптамамен жабу процестері

4.3. Құрамында кремнийі бар әртүрлі шикізаттардан жасалған жиілігі жоғары жартылай кристалды кремний өндіру технологиясын әзірлеу.

4.4. Композиттік электр литикалық қаптама әдісімен коррозияға қарсы және берік бұйымдардың технологияларын жасау.

4.3. Жаңа жартылай өткізгіш материалдар, атап айтқанда жартылай өткізгіш металлургиялық кремний алуға арналған технологиялар мен аппаратура.

4.4. Металдық төсеніштегі композиттік-электр литикалық қаптамалар әдісімен коррозияға қарсы және берік металдық жабындылар алуға арналған технологиялар мен аппаратура.

5. Жаңа және жұмыс істеп тұрған зауыттар мен шағын, орташа кәсіпорындарда тауарлылығы жоғары деңгейлі бәсекеге қабілетті өнімдерді шығару жөніндегі әзірлемелерді іске асыру

5.1. Бәсекеге қабілетті материалдарды өндірудің технологиясын игеру.

5.1. Тұтынушы неғұрлым талап ететін қорытпалар мен жаңа материалдарды енгізу. Түсті және кара металлургия институттары мен кәсіпорындарының тәжірибе-эксперименталдық учаскелерінде шағын және орта кәсіпорындар құрылатын болады. Асыл металдар және басқа да жаңа металдар негізінде жиілігі жоғары селен, дәнекерлеу, арнайы қорытпалар шығару игерілетін болады.

8. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

Ескерту. 8-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.02.03. N 132 қаулысымен .

| Р/с N | Іс-шара | Аяқталу нысаны | Орындауға (іске асыруға) | Орындалу (іске асыру) | Болжам. далатын | Қаржы. лан. шығыстар дыру |
|-----------|---------|---------------------|------------------------------------|----------------------------------|---------------------|--|
| | | | жауапты | мерзімі | (млн. теңге) | көзде. рі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|

Ұйымдастыру іс-шаралары

- | | | | | | |
|----|--|--|--------------------------------------|--|--------------------------------|
| 1. | Бағдарламаны орындауға арналған мемлекеттік тапсырысты орналастыру жобаларды | Бұйрықтар Конкурстық комиссия үшін іріктеу | Бағдарламаның әкімшісі | 2003 жылғы II тамалары жөніндегі конкурсты ұйымдастыру және өткізу | Талап етілмейді тоқсан хат. |
| 2. | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі мемлекеттік тапсырысты дауға шарт жасасу | Мемлекеттік сатып алу туралы шарт | "-" | 2003 | "-" жылғы II тоқсан |
| 3. | Бағдарламаның орындалуы туралы аралық есептерді дайындау беру | Бағдарламаның әкімшісіне есеп тоқсан | Бағдарламаның әкімшісіне есеп тоқсан | Жыл жауапты орындаушысы | "-" сайын IV |
| 4. | Бағдарламаның орындалуы туралы қорытынды есеп дайындау беру | Бағдарламаның әкімшісіне есеп тоқсан | "-" | 2005 | "-" жылғы IV |
| 5. | Бағдарламаның іске асырылуы туралы ақпарат ұсыну | Қазақстан Республикасының Үкіметіне | Бағдарламаның әкімшісі | 2005 жылғы IV | Талап етілмейді тоқсан ақпарат |

Ғылыми-техникалық іс-шаралар

- | | | | | | | |
|----|--|-----------------------------|-----------------------------------|--------------|---------------------|-----------------|
| 6. | Қазақстан металлургия саласындағы жаңа | Сұранымы бар жаңа материал. | Бағдарламаның жауапты орындаушысы | Жыл сайын IV | Барлығы - 33,5 оның | Респу. бликалық |
|----|--|-----------------------------|-----------------------------------|--------------|---------------------|-----------------|

| | | | | | |
|----|---|--|---------------------------------------|---|---|
| | технологиялардың дар өнді. перспективалары рiсiн мен төртiншi ұйымдасты. және бесiншi ру жөнiн. қайта бөлiстер дегi прак. өндiрiстерiнiң тикалық өнiмдерiн өткiзу ұсынымдар рыногын болжау | | | тоқсан iшiнде бюджет жылдар бойынша: 2003- 10,5; 2004- 11,2; 2005- | |
| | | 11,8 | | | |
| 7. | Түстi, сирек және асыл металдар негiзiнде жаңа материалдар алудың қазiргi заманғы техно. логияларын жасау | Тәжiрибе. лiк-өнер. кәсiптiк тексерiс. тен өткен және практикада қолдануға дайын техно. логиялар | Жыл | Барлығы -" -" -" -" -" сайын - 44,7 IV оның тоқсан iшiнде жылдар бойынша: 2003- 14,0; 2004- 15,0; 2005- | |
| | | 15,7 | | | |
| 8. | Қара металлур. гияда қазiргi заманғы материалдарды алудың техно. логияларын жасау | Тәжiрибе. лiк-өнер. кәсiптiк тексерiс. тен өткен және прак. тикада қолдануға дайын техно. логиялар | Жыл | Барлығы- -" -" -" -" -" сайын 49,2 IV оның тоқсан iшiнде жылдар бойынша: 2003- 15,4; 2004- 16,4; 2005- | |
| | | 17,4 | | | |
| 9. | Қазiргi заманғы материалдарды алудың мүлдем жаңа технология. ларын жасау саласындағы | Шағын қорытпалар, жұқа қабыршықты қаптама, жаңа жарты. | Бағдарла. маның жауапты орындау. шысы | Жыл | Барлығы- -" -" -" -" -" сайын 55,9 IV оның тоқсан iшiнде жылдар бойынша: |

| | | | | | |
|---|---|-----|-----|--|---|
| ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық әзірлемелер | лай өткіз. гіш материал. дар алуға арналған технология | | | 2003-17,5; 2004-18,8; 2005-19,6 | |
| | | | | | мен а п п а р а . |
| | тура | | | | |
| 10. Жаңа және жұмыс істеп тұрған зауыттар мен кіші, орташа кәсіпорындарда тауарлылығы жоғары деңгейлі, бәсекеге қабілетті өнімдерді шығару жөніндегі әзірлемелерді іске асыру | Түсті және қара метал. лургия институт. тары мен кәсіпорын. дарының тәжірибе-эксперимен. талдық учаскеле. рінде шағын | -"- | Жыл | Барлығы- 40,2 IV тоқсан ішінде жылдар бойынша: 2003-12,6; 2004-13,5; 2005-14,1 | -"- |
| | | | | | ж ә н е о р т а к ә с і п о р ы н д а р қ ұ р у |